



Бекітемін:
Т.Жетпісова
МКҚК «№1 бөбекжайы» басшысы

**2024-2025 оқу жылына арналған МКҚК «№1 бөбекжайы» мен
Ж.Бектұров атындағы №3 жалпы орта мектеп арасындағы сабақтастық
жоспары**

Мақсаты: Балаларды оқыту, мектепке деген қызығушылығын, оқушы болуға ынтасын тәрбиелеу. Балалардың кітапқа, жазба құралдарына деген ұқыптылығын тәрбиелеу. Ұжымдық, адамгершілік, интернационалдық, патриоттық, өзара көмек көрсетушілік сезімдерін қалыптастыру.

Мақсаты: Мектепалды топ мазмұнын талдауда тәжірибе алмасу.

Реті	Жұмыс мазмұны	Формасы	Уақыты	Жауапты
1.	Жана оқу жылына бөбекжай мен мектеп арасындағы ықпалдастықты жетілдіру, мектепалды топ мазмұнын талдауда тәжірибе алмасу мақсатында жоспар құру.	жоспар құру	қыркүйек	басшы, әдіскер, бастауыш сынып мұғалімдері, мектеп директоры
2.	Балабақша түлектерінің мектептерге орналасуын, мектептегі өмірін қадағалау	Сынып мұғалімдерімен түлектермен әңгімелесу	қазан	мектепалды даярлық топ тәрбиешілері
3.	Балабақша түлектерінің мектепке бейімделуі	Сынып мұғалімдерімен түлектермен әңгімелесу	қараша	психолог, мектепалды даярлық топ тәрбиешілер
4.	№3 орта мектепке саяхатқа бару	Саяхат	Жыл бойы	Мектепалды даярлық топ тәрбиешілері
5.	Түлектер бірінші сынып оқушыларының үлгерімі	Мұғалімдермен пікірлесу	әр тоқсанда	Мектепалды даярлық топ тәрбиешілері
6.	Мектептегі ашық есік күндері	сабаққа, іс шараларға қатысу	Жыл бойы	Мектепалды даярлық топ тәрбиешілері

7.	Балабақшадағы ашық есік күндері	Мектеп мұғалімдері, бөбекжай тәрбиешілері	Оқу жылы барысында	Мектепалды даярлық топ тәрбиешілері
8.	«Үздік педагог» байқауына шақыру	Қазылық етуге шақыру	қаңтар	Мектепалды даярлық топ тәрбиешілері
9.	Мектеп мұғалімдерімен шеберлік сағатын өткізу	Тәжірибе алмасу	сәуір	Мектепалды даярлық топ тәрбиешілері
10.	Оқушылардың қол еңбегі көрмесіне саяхат	Саяхат	Наурыз	Мектепалды даярлық топ тәрбиешілері
11.	Семинар «Мектепалды даярлық топ балалардың тілдік, танымдылық дайындығы».	Ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу	сәуір	Әдіскер, тәрбиешілер, мұғалімдер
12.	«Бөбекжаймен қоштасу» бөбекжай түлектері. Бөбекжайдағы түлектер ертеңгілігіне бастауыш сынып мұғалімдерін шақыру	Ертеңгілік	Мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі

Меморандум

"Білім беру мекемелерінің өзара іс-қимылын ұйымдастыру және мектепке дейінгі және бастауыш жалпы білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету туралы"

Ақкөл қ.

«26» тамыз 2024ж.

Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Ақкөл қаласының "№1 бөбекжайы" МКҚК басшы Жетпісова Гүлден Мартқызы, бір жағынан Ж.Бектұров атындағы №3 ЖОББМ директоры Бапар Гүлжан атынан осы ынтымақтастық туралы шарт жасасты.

Тараптар ҚР Білім туралы 27.07. 2007 ж. №319 –III Заңының 13.04.23 ж. №297 12-15-бапқа енгізілген өзгерістері негізінде әрекет етеді. "Білім беру мекемелерінің өзара іс-қимылын ұйымдастыру және мектепке дейінгі және бастауыш жалпы білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету туралы".

1. Шарттың мазмұны

Білім беру мекемелерінің өзара іс-қимылын жүзеге асыру: " № 1 бөбекжайы " МКҚК және Ж.Бектұров атындағы № 3 ЖОББМ оқу-тәрбие үрдісінің сабақтастығын, мектеп жасына дейінгі баланың жаңа жетекші қызмет – мектептегі оқыту немесе оқу іс-әрекеті жағдайларына әлеуметтік-мәдени бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында.

2.Шарттың мақсаты

Білім беру мекемелерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін өзара іс-қимыл модельдерін бірлесіп әзірлеу және іске асыру:

- бағдарламаларды, озық педагогикалық технологияларды;
- педагогтердің балалармен жұмысының түрлері мен әдістерн;
- ата-аналармен педагогикалық ынтымақтастықты жүзеге асыру тәртібін.

2. Тараптардың міндеттері

МКҚК «№1 бөбекжайы» міндеттенеді:

Педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру және осылайша білім беру мазмұнының сапасының оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында, бастауыш мектеппен бірлескен теориялық және практикалық семинарларға қатысу.

Тәрбиешілерді болашақ бірінші сынып оқушыларының практикалық біліктері мен дағдыларын түзету нұсқаларымен таныстыру.

Балалардың мектеп өміріне әлеуметтік бейімделу мәселелерін шешуде ата-аналарға консультациялық-диагностикалық көмек көрсету.

Ата-аналарды дайындық тобының бағдарламасымен таныстыру, ашық сабақтар және басқа да іс-шаралар өткізу.

Бастауыш сынып мұғалімдері үшін әр түрлі ұйымдастырылған ашық іс-шаралар өткізіп, бірлескен талдау және талқылау жасау.

Жұмыс жоспарына және білім беру мекемелері қызметінің негізгі бағытына сәйкес бірлескен бос уақытты өткізу.

Мектеп міндеттенеді:

Мектепке дейінгі мекеменің жұмыс жүйесін зерделеуге.

Өзара қатысу, семинар және т.б. арқылы жыл бойы (бөбекжай қызметкерлері және тәрбиеленушілердің ата-аналарымен бірлесіп) балалардың мектеп жағдайына бейімделуге бағытталған кеңес беру және әдістемелік жұмыстарды жүргізу.

Мектептегі оқу жұмысында балалардың физикалық, психикалық және эмоциялық саламаттылығын қамтамасыз ету, олардың шығармашылық қабілеттерін әр-түрлі қызмет түрлерінде дамытуды жалғастыру.

Бөбекжай қызметкерлерімен бірге бөбекжай бітірушілерінің үлгерім қорытындысын, үлгермеу себептерін, бейімделе алмау мәселелерін талқылау.

Тәжірибе алмасу және жоғары үлгідегі педагогикалық технологиялармен бөлісу мақсатында бастауыш сынып мұғалімдерінің бөбекжай тәрбиешілеріне ашық сабақтар өткізуі.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің болашақ бірінші сынып оқушылары мен ата-аналарына танысу кездесулерін өткізу.

Бөбекжайда балаларды мектепке дайындау бойынша өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысу.

4.Шарттың қолданылу мерзімі

Шарттың қолданылу мерзімі оқу жылы аяқталғаннан кейін аяқталады және екі тараптың келісімімен жылдық жоспарлар түзетілгеннен кейін қайта жасалуы тиіс.


Шарттың қолданылу мерзімі: 2024 жылғы 26 тамыз - 2025 жылғы 31 мамыр

5. Тараптардың заңды мекенжайлары

МКҚК «№1 бөбекжайы»
Ақмола облысы,
Ақкөл ауданы, Ақкөл қ.
Нұрмағамбетов к-сі 11
8 (716 38)2-05-58

Ж.Бектұров атындағы №3 ЖОББМ
Ақмола облысы,
Ақкөл ауданы, Ақкөл қ.
Бигелдинов к-сі 8
8 (716 38) 5-52-07

МКҚК «№1 бөбекжайы» басшысы:
 Г.М.Жетпісова

Ж.Бектұров атындағы №3 ЖОББМ директоры:
 Г.Бапар

